КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ҚОСЫМША ШЕШІМ

2026 жылғы 26 қаңтар дело №7119-25-00-2/12445 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.С.Төлебекова,
сот отырысының хатшысы Д.Смагулованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Медеуов» атынан - Азат Алибаевич Медеуов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

2025 жылғы 20 қарашадағы сот шешімімен талап қоюшының арызы толығымен қанағаттандырылды. Алайда, шешімнің қарар бөлігінде жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сот шешімі көрсетілмеген.

Сотқа тараптар келмеді, WhatsApp мобильді қосымшаға қосылмады, алайда тиісті түрде ескертілген сот отырысының орны мен уақыты.

УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 236-бап 1-тармақ 1-тармақшасына сай, іс бойынша шешім шығарған сот іске қатысатын адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша егер іске қатысатын адамдар дәлелдемелер ұсынған және түсініктемелер берген қандай да бір талап бойынша шешім шығарылмаса қосымша шешім шығара алады.

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 10.02.2026

Дата вступления в законную силу: 11.03.2026, судья Тюлебекова Г. С., 04.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот шешімімен талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылғандықтан, бұл туралы шешім жоқ, алайда сот осы бөлімде қосымша шешім шағаруды қажет деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

Бұл ретте талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік бажды төлеуге байланысты сот шығыстарын бөлу туралы мәселені керек.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 236-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Жеке кәсіпкер «Медеуов» атынан - Азат Алибаевич Медеуов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Медеуов» атынан - Азат Алибаевич Медеуов мемлекет пайдасына 1 966 (бірт мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Қосымша шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, қосымша шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне қосымша шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Ғ.С. Төлебекова

Документ подписан: Тюлебекова Г. С., 10.02.2026

Дата вступления в законную силу: 11.03.2026, судья Тюлебекова Г. С., 04.03.2026

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -